



«Қуаныш» шағын орталығы

2023 – 2024 оқу жылының үлгілік оқу жоспары

| № | Ұйымдастырылған оқу қызметі | Кіші топ (2 жастан бастап) | | Ортаңғы топ (3 жастан бастап) | | Ересек топ (4 жастан бастап) | |
|---|-------------------------------------|----------------------------|----------|-------------------------------|----------|------------------------------|----------|
| | | Апталық | Жылдық | Апталық | Жылдық | Апталық | Жылдық |
| 1 | Дене шынықтыру | 3 | 108 | 3 | 108 | 3 | 108 |
| | Дене шынықтыру | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы |
| | Қазақ тілі | - | - | 1 | 36 | 1 | 36 |
| | Қазақ тілі | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы |
| 3 | Сауат ашу негіздері | - | - | - | - | - | - |
| 4 | Математика негіздері | - | - | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы |
| | Сенсорика | күн сайын | жыл бойы | - | - | - | - |
| 6 | Сурет салу | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы |
| | Мүсіндеу | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы |
| | Жапсыру | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы |
| | Құрастыру | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы |
| 7 | Музыка | 1 | 36 | 1 | 36 | 2 | 72 |
| | Музыка | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы | күн сайын | жыл бойы |

Түсіндірме жазба

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдениәлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.